

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2015 жылғы 13 тамыздағы № 101 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 2 қыркүйекте № 12000 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 27 қаңтардағы № 45 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 27.01.2023 № 45 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-1-бабының 9) тармақшасына, "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 9-бабының 1-тармағына, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 30 маусымдағы Заңының 37-бабының 6) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясына оқуға қабылдау қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Академияның ректоры осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас прокурорының 14.07.2017 № 70 (бірінші ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

4. Осы бұйрық оның бірінші ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Бас Прокуроры

А. Дауылбаев

Қазақстан Республикасы

Бас Прокурорының

2015 жылғы 13 тамыздағы

№ 101 бұйрығымен бекітілген

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясына оқуға қабылдау қағидалары

Ескерту. Ереженің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Бас прокурорының 14.07.2017 № 70 (бірінші ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдарының академиясына оқуға қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясына (бұдан әрі – Академия) магистратура мен докторантураға оқуға түсуге үміткерлерді қабылдау тәртібін анықтайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-1. Магистратурада және докторантурада кадрларды даярлау күндізгі оқыту нысаны бойынша, сондай-ақ қашықтан оқытуды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 1-тарау 1-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 03.07.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Академияның магистранттары мен докторанттарының контингентін қалыптастыру:

1) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру;

2) қашықтан оқыту бойынша Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры бекітетін қабылдау жоспары арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 03.07.2020 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 03.07.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. Академияның магистратурасына және докторантурасына үміткерлерді қабылдау оқуға түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

4. Магистратураға және докторантураға құжаттарды қабылдау күнтізбелік жылдың 23 маусымы мен 25 шілдесі аралығында жүргізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 03.07.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Академияның магистратурасына және докторантурасына түсу емтихандары күнтізбелік жылдың 10 - 20 тамызы аралығында, оқуға қабылдау – күнтізбелік жылдың 1 қыркүйегінен бастап жүргізіледі. Қабылдау туралы Академия ректорының бұйрығы күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін қабылданады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 03.07.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Құжаттарды және түсу емтихандарын қабылдау мерзімдері Академия ректорының шешімі бойынша ұзартылуы немесе ауыстырылуы мүмкін.

2-тарау. Магистратураға және докторантураға қабылдау тәртібі

7. Академияның ғылыми-педагогикалық бағыты бойынша магистратурасына жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларын меңгерген және құқық қорғау органдарында кемінде бір жыл практикалық жұмыс өтілі бар құқық қорғау органдарының қызметкерлері қабылданады.

Академияның бейіндік бағыты бойынша магистратурасына жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларын меңгерген және құқық қорғау органдарында кемінде екі жыл практикалық жұмыс өтілі бар құқық қорғау органдарының қызметкерлері қабылданады.

Қашықтан оқыту бойынша магистратураға жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларын меңгерген және басқарушылық лауазымдарда үш жылдан кем емес жұмыс өтілі бар құқық қорғау органдарының қызметкерлері қабылданады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 03.07.2020 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 03.07.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

8. PhD, оның ішінде Академияның қашықтан оқыту бойынша докторантурасына құқық қорғау қызметінде кемінде бес жыл өтілі бар, ғылыми-педагогикалық магистратураны бітірген және "заң ғылымдарының магистрі" немесе "ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі" дәрежесі бар құқық қорғау органдарының қызметкерлері, сондай-ақ бейіндік бағыттағы магистратураны бітірген және ғылыми-педагогикалық магистратураның педагогикалық бейіндегі жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламасын олар қосымша игерген жағдайда "құқық магистрі" немесе "ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі" дәрежесі бар адамдар қабылданады.

Академияның бейіндік, оның ішінде қашықтан оқыту бойынша докторантурасына құқық қорғау қызметінде кемінде бес жыл өтілі бар және магистратураның білім беру бағдарламаларын немесе бейіндік магистратураға теңестірілген арнайы жоғары білімді меңгерген құқық қорғау органдарының қызметкерлері қабылданады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 03.07.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Академияның магистратурасы мен докторантурасына құжаттарды қабылдауды және оқуға түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін Академия ректорының бұйрығымен бекітілетін қабылдау комиссиясы құрылады.

10. Қабылдау комиссияның құрамы төрағадан, хатшыдан және комиссияның кемінде үш мүшесінен құрылады.

Қабылдау комиссиясының төрағасы болып Академияның қызметкері тағайындалады.

11. Қабылдау комиссиясы:

1) осы Қағидалардың 14, 15-тармақтарында көрсетілген оқуға үміткерлер ұсынған құжаттарды қарауды жүзеге асырады және үміткерлердің қабылдау шарттарына сәйкестігін анықтайды.

Нұқсан келтіретін мәліметтер (әкімшілік құқық бұзушылықтар немесе тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін өтелмеген жазалар; құқық қорғау қызметінің беделін түсіретін теріс қылықтар жасау, сондай-ақ жүргізіліп жатқан

қызметтік тергеулер туралы мәліметтер) болған жағдайда қабылдау комиссиясы оқуға түсуге үміткерге құжаттарды одан әрі қараусыз қайтарады;

2) оқуға қабылдау мәселелері бойынша шағымдар мен арыздарды қарастырады;

3) оқуға түсуге үміткерлердің тізімін қалыптастырады;

4) емтихандық комиссия жұмысының нәтижелерін ескере отырып, Академияның магистранттары мен докторанттарының санына қабылдау туралы мәселені қарастырады;

5) оқуға үміткерлерді қабылдау нәтижелеріне талдау жүргізеді және жұмысты одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстарды қалыптастырады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 03.07.2020 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Қабылдау комиссиясының жұмысы жұмыс жоспарына сәйкес іске асырылады. Қабылдау комиссиясының отырыстары қажеттілікке байланысты жүргізіледі.

13. Қабылдау комиссиясының шешімдері еркін нысандағы хаттамамен рәсімделеді және бекітілген құрамның кемінде үштен екісі болған жағдайда дауыстың қарапайым көпшілігімен қабылданады.

14. Академияның магистратурасына оқуға түсу үшін үміткерлер қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Академия ректорының атына баянат;

2) кадрларды тіркеу бойынша жеке парақ;

3) соңғы қызмет кезеңі бойынша аттестаттау парағының көшірмесі;

4) тікелей басшысы қол қойған соңғы қызмет орнынан мінездеме;

5) кадр қызметі берген құқық қорғау қызметіндегі өтілі туралы анықтама;

6) соңғы арнаулы атақ, сыныптық шен немесе біліктілік сыныбын беру туралы бұйрықтардан үзінді;

7) ішкі (өзіндік) қауіпсіздік қызметінің нұқсан келтіретін мәліметтердің (әкімшілік құқық бұзушылықтар немесе тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін өтелмеген жазалар; құқық қорғау қызметінің беделін түсіретін теріс қылықтар жасау, сондай-ақ жүргізіліп жатқан қызметтік тергеулер туралы мәліметтер) болмауы туралы қорытындысы;

8) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;

9) жоғары білімі туралы құжаттың және оның қосымшасының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

10) шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі (бар болған жағдайда);

11) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстарының тізімі (олар болған жағдайда);

12) ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар немесе дипломдар (олар болған жағдайда);

13) "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген нысанға сәйкес 086-У нысанындағы электрондық форматтағы медициналық анықтама;

14) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;

15) шет тілі бойынша тестілеуге қатысу үшін ақы төлегені туралы түбіртектің түпнұсқасы.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 03.07.2020 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Академияның докторантурасына оқуға түсу үшін үміткерлер қабылдау комиссиясына:

1) осы Қағидалардың 14-тармағының 1)-15) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды;

2) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттың және оның қосымшасының нотариалды куәландырылған көшірмесін;

3) негізгі дипломға педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламаларды игергені туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесін (бейінді бағыттағы магистратураны бітірген үміткерлер үшін) ұсынады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 03.07.2020 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Қабылдау комиссиясының хатшысы үміткерге құжаттарды қабылдағаны туралы осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысанда қолхат береді.

17. Қағидалардың 14-15-тармақтарында көрсетілген құжаттардың толық тізбесін ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы үміткерлерден құжаттарды қабылдамайды.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 03.07.2020 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Түсу емтихандарын өткізу тәртібі

18. Магистратураға және докторантураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде Академияда емтихан комиссиясы құрылады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Емтихан комиссиясы магистратураның, докторантураның кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша емтихан өткізу үшін құрылады және комиссия төрағасынан, хатшыдан және комиссияның кемінде үш мүшесінен тұрады, олардың екеуі ғылым кандидаттары немесе докторлары немесе философия докторлары (PhD) санынан тағайындалады.

Емтихан комиссиясының құрамы Академия ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 03.07.2020 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Академияға магистратураға және докторантураға түсетін үміткерлер келесі түсу емтихандарын тапсырады:

- 1) шетел тілінен (таңдауы бойынша ағылшын, неміс, француз тілі).
- 2) мамандығы бойынша.

Мамандығы бойынша емтиханға шетел тілінен кемінде 30 балл алған үміткерлер жіберіледі.

21. Алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының м.а. 03.07.2020 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Шетел тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзіреттеріне (стандарттарына) сәйкес шетел тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттардың біреуіне ие үміткерлер магистратураға және докторантураға шетел тілі бойынша түсу емтиханынан мынадай тілдер бойынша босатылады:

ағылшын тілі: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program - Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг программ (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ) – магистратураға шекті балл - кемінде 163 балл; докторантураға - кемінде 138 балл;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл магистратураға - кемінде 46 балл; докторантураға - кемінде 32 балл;

Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (TOEFL PBT (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг)) магистратураға шекті балл - кемінде 453 балл; докторантураға - кемінде 400;

Test of English as a Foreign Language Paper-delivered testing (TOEFL PDT (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер деливерэд тэстинг)) – магистратураға шекті балл - кемінде 65 балл; докторантураға - кемінде 47 балл;

International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС)), магистратураға шекті балл - кемінде 5,5 балл; докторантураға – кемінде 4.5;

неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган): магистратураға (DSH, Niveau C1/C1 деңгейі), TestDaF-Pruefung (тестдаф-прюфун) (Niveau C1/C1 деңгейі); докторантураға (DSH, Niveau B2/B2 деңгейі), TestDaF-Pruefung (тестдаф-прюфун) (Niveau B2/B2 деңгейі);

француз тілі: Test de Francais International™ -Тест де франсэ Интернациональ (TFI (ТФИ) – оқу және тыңдалым секциялары бойынша B1 деңгейден төмен емес) , Diplome d'Etudes en Langue francaise - Диплом дэтюд ан Ланг франсэз (DELF (ДЭЛФ), B2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue francaise - Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз (DALF (ДАЛФ), C1 деңгейі), Test de connaissance du francais - Тест де коннэссанс дю франсэ (TCF (ТСФ) магистратураға және докторантураға – кемінде 400 балл.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 03.07.2020 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Шет тілдері бойынша түсу емтихандары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген технология бойынша жүргізіледі.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредиттеуі бар шетелдік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) 5 жыл ішінде білім алған адамдар:

1) қазақ немесе орыс тілінде білім беретін магистратураға шет тілі (ағылшын тілі) бойынша түсу емтихандарынан босатылады;

2) докторантураға түсу үшін 22-тармақта көрсетілген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды.

Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының 03.07.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Магистратураға, докторантураға түсушілер үшін білім беру бағдарламалары бойынша емтихан білім берудің алдыңғы деңгейлеріндегі білім беру бағдарламалары көлемінде өткізіледі.

Академияның магистратурасы мен докторантурасына түсу емтиханын өткізу бағдарламасын және кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты, өткізу орны) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және түсу емтиханы басталғанға дейін он жұмыс күні бұрын үміткерлердің назарына жеткізіледі.

Магистратураға, докторантураға түсу емтихандарының бағдарламасын Академия өздігінше қалыптастырады және ол Академия Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 03.07.2020 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24-1. Түсу емтихандарының нәтижелері оларды өткізген күні хабарланады.

Ескерту. 3-тарау 24-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Түсу емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

26. Магистратураға және докторантураға түсу емтихандарын жүргізу кезінде бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және даулы мәселелерді шешу мақсатында төрағадан және кем дегенде комиссияның екі мүшесінен тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссияның құрамы Академия ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Апелляциялық комиссия магистратураға, докторантураға оқуға түсетін үміткерлердің, емтихан материалдарының мазмұнымен, сонымен қатар техникалық себептерге байланысты түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспейтін арыздарды қабылдайды және қарайды.

27. Магистратураға немесе докторантураға оқуға түсетін үміткер апелляциялық комиссия төрағасының атына түсу емтиханының нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күнгі сағат 13:00-ге дейін апелляцияға өтініш береді және апелляциялық комиссия өтінішті берген күннен бастап бір күн ішінде қарастырады.

27-1. Апелляциялық комиссия әр тұлғамен жеке тәртіппен жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда, оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

Ескерту. 3-тарау 27-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2018 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және барлық комиссия мүшелері қол қойған еркін нысандағы хаттамамен ресімделеді.

29. Емтихан және апелляция комиссияларының хаттамалары отырыс өткізілген кезден бір жұмыс күні ішінде Академияның қабылдау комиссиясына беріледі.

4-тарау. Магистратураға және докторантураға қабылдау тәртібі

30. Магистратураға, докторантураға оқуға білім беру бағдарламалары бойынша түсу емтихандарының нәтижесі бойынша осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес 100 балдық бағалау жүйесі шкаласына сәйкес шекті балл жинаған үміткерлер конкурстық негіз бойынша қабылданады.

Шекті балл жыл сайын Академия Ғылыми кеңесінің шешімімен белгіленеді.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 03.07.2020 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Балл жиынтығы тең болған жағдайда құқық қорғау қызметінде жұмыс өтілі жоғары үміткерлер басым құқыққа ие болады. Одан кейін таңдап алынған бейініне сәйкес келетін ғылыми жетістіктері есепке алынады: ғылыми жарияланымдары, оның ішінде рейтингісі жоғары ғылыми басылымдардағы; ғылыми зерттемелері туралы куәліктер; ғылыми стипендиялар, гранттар берілгендігі туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар немесе дипломдар.

32. Қабылдау комиссиясының хаттамасы негізінде Академия ректоры магистратураға және докторантураға қабылдау туралы бұйрық шығарады.

33. Академияға қабылдау туралы бұйрық шыққаннан кейін магистратураға, докторантураға қабылданған қызметкерлермен осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес Білім беру қызметтерін көрсетуге келісімшарт (магистратура/докторантура) жасасады.

Келісімшартқа Академия ректоры, магистратураға немесе докторантураға оқуға қабылданған қызметкер қол қояды.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 03.07.2020 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Қабылдау комиссиясы жұмысын аяқтаған соң Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына қабылдау нәтижелері бойынша қорытынды есепті, сонымен қатар Академияның магистратурасына және докторантурасына қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін жолдайды.

35. Осы Ережеде реттелмеген мәселелерді қабылдау комиссиясы Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген тәртіпте шешеді.

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білім берудің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
Қазақстан Республикасы Бас
прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдарының
академиясына оқуға қабылдау
қағидаларына

1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
жанындағы
Құқық қорғау органдары
академиясының ректоры
(ректордың Т.А.Ә.
(болған кезде)

(оқуға түсуге үміткердің Т.А.Ә.
(болған кезде),
сыныптық шені/біліктілік
сыныбы/арнайы атағы,
лауазымы, телефоны)

Баянат

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 03.07.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сізден Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының _____

_____ білім беру бағдарламасы бойынша _____

_____ кадрларды даярлау бағыты бойынша _____

_____ (білім беру бағдарламасының, кадрларды даярлау бағытының коды және атауы)

_____ ОҚЫТУ
мерзімімен

(күндізгі оқыту /қашықтан оқыту нысаны бойынша)

_____ оқыту нысаны
бойынша

магистратурасына/докторантурасына (керегінің асты сызылсын) оқуға түсу
үшін түсу

емтихандарын тапсыруға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Шет тілі бойынша емтихан тапсыру тілі _____

(емтихан тапсыру тілі көрсетілсін)

(оқуға үміткердің қолы, күні)

Келісілді

(оқуға үміткердің тікелей басшысының Т.А.Ә. (болған кезде), қолы)

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білім берудің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
жанындағы
Құқық қорғау органдары
академиясына оқуға
қабылдау қағидаларына
1-1 қосымша
Нысан

Жолдама

Ескерту. 1-1-қосымша алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының м.а. 03.07.2020
№ 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң
қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білім берудің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау
органдарының академиясына
оқуға қабылдау қағидаларына
2-қосымша

Жоспарланатын диссертациялық зерттеу бойынша негіздеме

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының м.а. 03.07.2020 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білім берудің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
Қазақстан Республикасы Бас
прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдарының
академиясына оқуға қабылдау
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Құжаттарды қабылдау туралы қолхат

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 03.07.2020 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдарының академиясына оқуға қабылдау қағидаларының 14, 15-тармақтарына сәйкес _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)
жеке басты куәландыратын құжат № _____

_____ келесі құжаттар қабылданды:

1. _____ - ____ парақ саны.
2. _____ - ____ парақ саны.
3. _____ - ____ парақ саны.
4. _____ - ____ парақ саны.
5. _____ - ____ парақ саны.

_____ Құжаттарды қабылдады:

Қабылдау комиссиясының хатшысы _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда), қолы)

20__ жылғы _____

Қолхатты алдым _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда), құжат тапсырушының қолы)

Ескертпе: қолхат 2 данада жасалады, 1- данасы құжат тапсырған адамға қол қою

негізінде тапсырылады, 2- данасы оқуға түсуге үміткердің оқу ісіне тіркеледі.

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білім берудің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
Қазақстан Республикасы Бас
прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдарының
академиясына оқуға қабылдау
қағидаларына
4-қосымша

100-балдық бағалау жүйесінің шкаласы

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 03.07.2020 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

100-балдық бағалау жүйесі бойынша балдар	4-балдық бағалау жүйесі бойынша балдар
95-100	Өте жақсы (5)
90-94	
85-89	Жақсы (4)
80-84	
75-79	
70-74	Қанағаттанарлық (3)
65-69	
60-64	
55-59	
50-54	
30-49	Қанағаттанарлықсыз (2)
0-29	

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білім берудің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
жанындағы
Құқық қорғау органдары
академиясына оқуға қабылдау
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Білім беру қызметтерін көрсетуге келісімшарт (магистратура/докторантура)

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 03.07.2020 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20__ жылғы " __ " _____

Осы Білім беру қызметтерін көрсетуге келісімшарт (магистратура/докторантура) (бұдан әрі – Келісімшарт) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында (бұдан әрі – Академия) білім беру қызметтерін көрсетуге (магистратура/докторантура (кажеттісінің астын сызу) бір тараптан Жарғы негізінде әрекет ететін, Академия ректоры _____

_____ (лауазымы, сыныптық шені / арнаулы атағы / біліктілік сыныбы, тегі,

_____ аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

_____ атынан, _____ мекен-жайында орналасқан (мемлекеттік тіркеу

_____ туралы _____ № _____ анықтама, Қазақстан Республикасы Білім

_____ және ғылым министрлігі берген _____ № _____ лицензия)

_____ бұдан әрі "Академия" деп аталатын Академия және екінші тараптан бұдан әрі "магистрант/ докторант" деп аталатын, құқық қорғау органының қызметкері

_____ (лауазымы, сыныптық шені/арнаулы атағы / біліктілік сыныбы, тегі, аты, әкесінің аты

_____ (бар болған жағдайда)) _____

_____ арасында төмендегілер туралы жасалды:

1. Келісімшарттың мәні

1. Академия күндізгі оқыту нысаны/қашықтан оқыту бойынша білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына сәйкес келетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистрантты/докторантты оқытуды ұйымдастыру бойынша өзіне міндеттемелерді қабылдайды.

Білім беру бағдарламасының (кадрларды даярлау бағыты) коды мен атауы: _____

Мерзімі _____

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының 03.07.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2. Академия:

1) конкурс қорытындылары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысына сай/Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры белгілейтін қабылдау жоспарына сәйкес магистрантты/докторантты қабылдауға;

2) Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес магистрантты/докторантты оқытуды қамтамасыз етуге;

3) күндізгі оқыту нысаны бойынша оқитын (қашықтан оқитын білім алушылардан басқа) магистрантқа/докторантқа оқуға жіберілгенге дейін атқарған соңғы (уақытша атқарылмайтын) штаттық лауазымы бойынша лауазымдық жалақысының жетпіс пайызы мөлшерінде лауазымдық жалақы, сондай-ақ арнаулы атағы немесе сыныптық шені үшін қосымша ақы төлеуге міндетті.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының 03.07.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Академия:

1) магистранттан/докторанттан осы Келісімшартқа, Ішкі тәртіп қағидаларына және Академия Жарғысына сәйкес міндеттерді адал және тиісті орындауды талап етуге;

2) магистранттардың/докторанттардың оқу жетістіктерін тексеру мақсатында ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау нысанын анықтауға;

3) магистрантты/докторантты академиялық үлгермегені, академиялық адалдық қағидастарын, Ішкі тәртіп қағидаларын, Академия Жарғысын және осы Келісімшарттың шарттарын бұзғаны үшін оқудан шығаруға құқылы.

4. Магистрант / докторант:

1) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары көлемінде білімді, іскерлікті және практикалық дағдыларды меңгеруге;

2) Академиялық адалдық принциптерін сақтауға және Академия ректорының бұйрықтары мен өкімдерін, Жарғы мен Ішкі тәртіп қағидаларын және осы Келісімшарттың шарттарын орындауға;

3) магистратурада/докторантурада оқу кезеңінде:

ғылыми-зерттеу, эксперименттік-зерттеу жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты , есептілік мерзімі мен нысаны);

практика, тағылымдама (бағдарлама, база, есептілік мерзімі мен нысаны);

негіздемесі мен құрылымы бар диссертация (жоба) тақырыбы;

диссертацияны (жобаны) орындау жоспары;

ғылыми жарияланымдардың жоспары, ғылыми-практикалық (ғылыми-теориялық) конференцияларға қатысу және басқа.

белгіленген мерзімде МЖЖЖ/ДЖЖЖ орындалуы туралы белгі;

диссертацияны (жобаны) дайындау;

диссертацияның (жобаның) нәтижелерін практикалық, педагогикалық және ғылыми қызметке енгізу;

ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттаудан өту: кешенді емтихан тапсыру, диссертацияны (жобаны) қорғау бөлімдерін және басқаны қамтитын жеке жұмыс жоспарын орындауға;

4) отбасы жағдайы, тұрғылықты жері, телефоны өзгерген кезде жоғарыда көрсетілген мән-жайлар туындаған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде бұл туралы хабарлауға;

5) әрбір білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтағаннан кейін құқық қорғау органдарында кемінде үш күнтізбелік жыл жұмыс істеуге (қашықтан оқитын білім алушыларды қоспағанда) міндетті.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының 03.07.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Магистрант / докторант:

1) магистратураның/докторантураның білім беру бағдарламасында көзделген тапсырмаларды орындау мақсатында Академияның материалдық-техникалық жарақтандырылуын пайдалануға;

2) ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлеріне қатысуға, өз жұмыстарын жариялауға, оның ішінде Академия басылымдарына ұсынуға;

3) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу процесін ұйымдастыру мазмұнын, оқыту әдістемесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы.

3. Тараптардың жауапкершілігі

6. Осы Келісімшартта көзделмеген жағдайларда, тараптардың өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін олар Қазақстан

Республикасының заңнамасына және Академия Жарғысына сәйкес жауапты болады.

7. Магистрант/докторант мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша/Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры белгілеген қабылдау жоспарына сәйкес оқу құқығынан ол оқудан шығарылған немесе ауыстырылған жағдайда айырылады.

8. Осы Келісімшарттың 4-тармағының 5) тармақшасын орындамағаны үшін магистрант/докторант Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оқуға жұмсалған бюджет қаражатын және оны оқытуға байланысты өзге де шығындарды мемлекетке өтейді.

9. Магистратурадан/докторантурадан академиялық үлгерімінің болмағаны, Академияның Ішкі тәртіп қағидаларын және Жарғысын бұзғаны үшін шығарылған жағдайда магистрант/докторант (қашықтан оқитын білім алушылардан басқа) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оқуға жұмсалған бюджет қаражатын және оны оқытуға байланысты өзге де шығыстарды мемлекетке өтейді.

Ұстауға жататын сома Академияда болған әрбір толық айға барабар есептеледі.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының 03.07.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Магистратурадан/докторантурадан өз еркімен шығарылған жағдайларда магистрант/докторант (қашықтан оқитын білім алушылардан басқа) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оқуға жұмсалған бюджет қаражатын және оны оқытуға байланысты өзге де шығыстарды өтейді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 03.07.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Дауларды шешу тәртібі

11. Осы Келісімшартты орындау процесінде туындайтын келіспеушіліктер мен дауларды өзара қолайлы шешімдер әзірлеу мақсатында тараптар тікелей қарайды.

12. Тараптардың келіссөздер, өзара қолайлы шешімдер әзірлеу жолымен шешілмеген мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес немесе сот тәртібімен шешіледі.

5. Форс-мажор

13. Су тасқыны, өрт, басқа табиғи апаттар, соғыс немесе соғыс қимылдары сияқты форс-мажорлық жағдай кезінде, сондай-ақ саналы шектерде Тараптардың бақылауынан тәуелді болмайтын және Келісімшартты жасаудан кейін пайда болған басқа кез-келген жағдай кезінде Тараптардың жауапкершілігі басталмайды.

14. Билік пен басқару органдарының Тараптардың тым болмаса біреуінің осы Келісімшарттың міндеттемелерін орындауына мүмкіндік бермейтін актілерді қабылдауы да Тараптардың бақылауына тәуелді болмайтын жағдайлар ретінде танылады.

15. Тараптардың міндеттемелерді орындауы форс-мажорлық жағдайлар мен олардың зардаптарының әрекет ету мерзіміне сәйкестендіріле отырып ауыстырылады.

6. Келісімшарттың қолданылу мерзімі, шарттарды өзгерту тәртібі және оны бұзу

16. Осы Келісімшарт тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және оқу аяқталғаннан кейін құқық қорғау органдарында үш жыл қызмет атқару уақыты өткеннен кейін өз қолданысын тоқтатады.

17. Осы Келісімшарттың шарттары тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

18. Осы Келісімшарт бірдей заңды күші бар мемлекеттік/орыс тілдерінде 3 данада жасалады. Бір данасы Академияда қалады, екінші данасы магистранттың/докторанттың жеке ісіне тіркеу үшін тиісті құқық қорғау органына жолданады, үшінші данасы магистранттқа/докторанттқа беріледі.

Магистрант/докторант

Академия

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Академия ректоры _____

жеке басын куәландыратын құжаттың

№ _____

_____ берілген

(Академияның заңды мекенжайы)

Қолданыс мерзімі _____

ЖСН _____

БСК _____

Тұрғылықты жері _____

БСН _____

Телефоны _____

Қолы _____

Электрондық пошта

Қолы _____

Академияның Жарғысымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензиямен, Ішкі

тәртіп қағидаларымен, осы Келісімшартпен таныстым _____

(магистранттың/докторанттың қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК